

## Тапсырыс берушілер үшін бірыңғай ұйымдастырушыны айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қаңтардағы № 1-қ қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 қаңтарда № 6648 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 9 ақпандағы № 17-қ қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 09.02.2023 № 17-қ қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 12590 нөмірімен тіркелген) сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Арал ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі тапсырыс берушілер үшін мемлекеттік сатып алудың бірыңғай ұйымдастырушысы болып айқындалсын.

2. "Арал ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада бекітілген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арал ауданы әкімінің орынбасары Р. Өтешовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*АУДАН ӘКІМІ*

*М. ОРАЗБАЕВ*